

«БЕКІТЕМІН»
Алматы қаласы
Спорт басқармасының
«№2 ОРМБЖМ» МҚҚК басшысы
М.А. Темирбаев

«11» наурыз 2025 жыл

Алматы қаласы Спорт басқармасының «№ 2 Олимпиадалық резервтегі мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты

1. Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Занының 10 – бабына сәйкес әзірленді және Алматы қаласы спорт басқармасының "№2 Олимпиадалық резервтегі мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі" МҚҚК (бұдан әрі-квазимемлекеттік сектор субъектісі) қызметі салаларында тыйым салу, шектеулер мен рұқсаттар жүйесін білдіреді).

2. Осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты мәдениет және спорт саласындағы квазимемлекеттік сектор субъектісі әзірледі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың мақсаты сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу, ұйымдағы сыбайлас жемқорлық көріністеріне құқықтық сауаттылықты және нөлдік төзімділікті арттыру болып табылады.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың міндеттері:

- өз құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыру кезінде мектеп жаттықтырушылары мен қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты міnez-құлқын және жауапкершілігін қалыптастыру;
- сыбайлас жемқорлық көріністерін уақтылы анықтау және олардың теріс салдарын болдырмау;
- ұйым қызметінің тиімділігін арттыру.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты қолдану және орындау:

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт ұйымның қызметінде жеке және занды тұлғалардың функцияларын жүзеге асыру және құқықтары мен занды мүдделерін іске асыру кезінде қолданылады.

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты ұйымның барлық жаттықтырушылары мен қызметкерлері орындауға міндетті.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың қолданылуы мен орындалуына ұйымның жаттықтырушылары мен қызметкерлері дербес жауапты болады.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты өзгерту «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Занының 10-бабының 2-тармағына сәйкес жүргізіледі.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт қызмет саласына байланысты белгіленген қағидаларды мұлтіксіз сақтауға және сыбайлас жемқорлық көріністерін болдырмауға бағытталған жаттықтырушылар мен үйым қызметкерлерінің іс-әрекеттері мен шешімдерін айқындайды.

7. Қоғаммен өзара қарым-қатынас саласындағы сыбайлас жемқорлық фактілерімен соқтығысқан кездегі жаттықтырушылар мен үйым қызметкерлерінің іс-кімділіктері:

- егер үйымның жаттықтырушысында немесе қызметкерінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы ақпарат болса, ол мұндай құқық бұзушылықты болдырмау және тоқтату жөнінде қажетті шаралар қолдануға, оның ішінде жоғары тұрган басшыны, өзі жұмыс істейтін үйымның басшылығын, уәкілетті мемлекеттік органдарды жазбаша нысанда дереу хабардар етуге тиіс;

- өзіне белгілі болған сыбайлас жемқорлық жағдайлары, қызметтік әдел нормаларын бұзу және мемлекеттік үйымның беделін түсіретін тәртіптік теріс қылықтар туралы, Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға және сыйлықтар алуға итермелей мақсатында оларға қандай да бір адамдардың жүгіну фактілері туралы, туындаған мұдделер қақтығысы туралы немесе оның туындау мүмкіндігі туралы, қызметтік міндеттерін орындау кезіндегі жеке мұдделілік туралы тікелей басшының назарына дереу жеткізу.

8. Үйымның жаттықтырушылары мен қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты сақтауын бақылауды әдел жөніндегі уәкіл жүзеге асырады. Үйымның жаттықтырушылары мен қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты сақтамаған жағдайда үйым басшысы бұл туралы әдел жөніндегі уәкілетті тұлғаны хабардар етеді.

9. Қоғамдық қатынастар саласының атаяу:

- бухгалтерлік есеп және экономика секторы;

9.1. Тыйым салулар, шектеулер және рұқсат етулер:

- қаржы қызметінің бухгалтерлік есебін жүргізуге, үйымның материалдық, еңбек және қаржы ресурстарының үнемді және ұтымды пайдаланылуын бақылауға; еңбек және қаржы ресурстарының үнемді және ұтымды пайдаланылуын бақылауға; қаржыландыру жоспары шегінде банктік, кассалық операциялардың және есеп айырысулардың есебін жүргізуге;

- келіп түсетін негізгі құралдардың есебін, олардың қозғалысын жүргізуге;

- қызмет көрсетуші үйымдармен төлемдерді салыстырып тексеру;

- үйым басшысымен бірлесіп, тауарлық-материалдық құндылықтар мен ақша қаражатын қабылдауға және беруге негіз болатын банктік құжаттар мен құжаттарға, сондай-ақ қаржылық міндеттемелерге қол қоюға;

- тиісті органдарға белгіленген мерзімде шоғырландырылған қаржылық есептілікті (бюджеттік есептілік, қаржылық есептілік және т.б.) жасауға және ұсыну.

- үйымның қаржылық қызметіне экономикалық талдау жүргізу; қаражат резервтерін анықтау мақсатында бухгалтерлік есеп пен есептілік деректері бойынша;

- штаттық, қаржылық және кассалық тәртіптің қатаң сақталуын, қаржыландыру жоспарларының орындалуын, бухгалтерлік құжаттардың сақталуын, оларды белгіленген тәртіппен ресімдеуді және мұрағатқа тапсыруды қамтамасыз етуге;

- мемлекеттік мұқтаждар үшін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін

қызметтерді) сатып алушы үйымдастыру бойынша, конкурс (сатып алу рәсімдерінің өзге де түрлері) бойынша жұмысқа заңнамада белгіленген тәртіппен бақылауды жүзеге асыру;

-келіп түсетін негізгі құралдар мен тауарлық-материалдық құндылықтарды есепке алушы, сондай-ақ олардың қозғалысына байланысты операцияларды бухгалтерлік есепте уақтылы көрсетуді жүзеге асыру. Тозу сомасын есептеу.

- заңнамада белгіленген тәртіппен бухгалтерлік есеп жүргізуі жүзеге асыру;

- материалдық құндылықтарды түгендеу және тиісті құжаттаманы жүргізу.

- осы міндетті орындағаны үшін тәртіптік жауаптылықта бола отырып, өзіне белгілі болған сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы үйым басшысының немесе Құқық қорғау органдарының назарына жеткізу;

- ішкі еңбек тәртібінің ережелерін сақтау.

10. Білім беру үйымының жаттықтырушысы мен қызметкері:

- мемлекет мұдделеріне нұқсан келтіретін, мемлекеттік органдардың жұмыс істеуіне кедергі келтіретін немесе тиімділігін төмендететін іс-әрекеттерге қарсы тұруға;

- жеке және заңды тұлғалардың құқықтарының, бостандықтары мен заңды мұдделерінің сақталуын және қорғалуын қамтамасыз етуге, заңнамада белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарауға, олар бойынша қажетті шаралар қабылдауға;

- белгілі бір міндеттердің орындалуын реттейтін нормативтік құқықтық актілерде сәйкесіздік анықталған жағдайларда уәкілетті органға деру жазбаша нысанда хабарлауға;

- жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мұдделерін қозғайтын шешімдер қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз етуге;

- Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулер мен тыйымдарды сақтауға;

- өз құзыреті шенберінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындауға және қабылдауға:

- мұдделер қақтығысына жол бермеуге, олар туындаған кезде заңнамаға сәйкес оларды жою жөнінде шаралар қолдануға;

- өздеріне берілген құқықтар шегінде және лауазымдық міндеттеріне сәйкес өкілеттіктерді жүзеге асыруға міндетті;

11. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты қозғайтын саладағы жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мұдделерін іске асыру кезінде жаттықтырушы мен білім беру үйымының қызметкері:

- заңдылық қағидатын, Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдарының және өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын басшылыққа алуға, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қатаң сақтауға;

- мұдделер қақтығысының туындауының кез келген мүмкіндігін болдырмая жөнінде шаралар қолдануға;

- жеке және заңды тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мұдделерін іске асыруын қындараттын іс-әрекеттерге (әрекетсіздікке) жол бермеуге;

- өзінің лауазымдық өкілеттіктерін және олармен байланысты мүмкіндіктерді жеке мүліктік және мүліктік емес пайда алу үшін пайдаланбауға;

- жоғары кәсіби жұмыс үшін барлық күш-жігерді жұмсауға, қойылған міндеттерді шешудің оңтайлы, үнемді және өзге де құзыретті тәсілдерін қолдануға;

- қызметтік міндеттерін тиімді орындау үшін өзінің кәсіби деңгейі мен біліктілігін ұдайы арттырып отыруға;

- жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау кезінде қызмет бабын теріс пайдалануға, негізсіз бюрократизм мен бұрмалаушылық көріністеріне, сондай-ақ дөрекілік пен бейтараптылық көріністеріне жол бермеуге;

- жеке және заңды тұлғалардың құқықтарының, бостандықтары мен заңды мұдделерінің сақталуын және қорғалуын қамтамасыз етуге;

- әріптестерден жоғары құқықтық және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті сақтауды қолдауға және талап етуге міндетті.

12. Өз құзыреті шенберінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде ұйымның жаттықтыруышылары мен қызметкерлері:

- Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға;

- кәсіби (қызметтік) этиканы сақтауға;

- білім беру ұйымының басшысына, білім беру бөлімінің басшысына, уәкілетті мемлекеттік органдарға оны басқа адамдардың сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға көндіру жағдайлары туралы жазбаша түрде дереу хабарлауға;

- еңбек тәртібін мұлтіксіз сақтауға, берілген өкілеттіктерге тиімді билік етуге; өзінің қызметтік міндеттерін адал, бейтарап және сапалы орындауға, жұмыс уақытын ұтымды пайдалануға;

- лауазымдық міндеттерін орындау кезінде жеке және заңды тұлғаларға артықшылық бермеуге, олардың ықпалынан тәуелсіз болуға;

- әріптестерге және басшыға олардың әділ қызметтік шешім қабылдауына өсер етуі мүмкін өзара қарым-қатынастардың белгіленген тәртібін бұзатын өтініштермен жүгінуден бас тартуға міндетті.

13. Тіршілік ету саласының ерекшелігіне байланысты туындастын өзге де өзара қарым-қатынастар кезінде:

- әріптестері мен азаматтарға қатысты негізсіз айып тағуға, дөрекілік фактілеріне, адам қадір-қасиетін қорлауға, әдепсіздікке, дөрекі мінез-құлыққа жол бермеуге;

- міндеттерді орындау процесінде тек объективті және дұрыс мәліметтерді басшылыққа алуға;

- мемлекеттік мұліктің сақталуын қамтамасыз етуге, мұлікті ұтымды, тиімді және тек қызметтік мақсаттарда пайдалануға;

- ұжымда іскерлік өзара қарым-қатынастар мен сындарлы ынтымақтастықты орнатуға және нығайтуға ықпал етуге;

- заңда тәртіптік, әкімшілік жауапкершілік көзделген теріс қылықтар мен өзге де құқық бұзушылықтар жасауға жол бермеуге;

- іскерлік этикет пен ресми мінез-құлық ережелерін сақтауға;

- тексеру іс-шаралары кезінде мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы жалпы ережелерді қатаң сақтауға;

- ұйым басшысын немесе сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілдегі органды өздеріне белгілі болған сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы дереу хабардар етуге міндетті.

14. Ұйымның осы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттын сақтамаған жағдайда, ұйымның жаттықтырушылары мен қызметкерлері жазалау шарасы тәртіптік жауапкершілікті көздейтін дербес жауаптылықта болады.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы
комплаенс-қызметтің
функцияларын орындауши



Болатхан Г.Б.